

Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округінің аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 қыркүйектегі № 1-11/07 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 қыркүйекте № 6544 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқаруы туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес Байқоныс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы Байқоныс ауылдық округінің аумағында жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Д. Молдагельдинов

Тереңкөл ауданы Байқоныс
ауылдық округі әкімінің
2019 жылғы "12" қыркүйектегі
№ 1-11/07 шешіміне
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, гектар	Ұзындығы, метр	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғам	0,0800	399,9	0,4 киловатты № 33 катодты қорғау станциясы - кабельдік желісіне қызмет көрсету үшін	10	Байқоныс ауылдық округінің аумағында